ҒТАХР 18.41.01 (74.87)

АУТОГОГИКАЛЫҚ ДИДАКТИКА КОНЦЕПЦИЯСЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

***С.И. Оспанов*[1]**
[1]Филос.ғ.д., доцент,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: sapar49@mail.ru

Мақалада «аутогогикалық» концептуалдық теорияны негіздеудің философиялық мәселелері талданған. Сол тұрғыдан жоғары оқу орындары жүйесінде оқытудың жаңа «аутодидактикалық» әдістемесін қолданудың актуальдылығы көрсетілген. Авторлық теория мен дидактиканың актуалдығы қоғамдық еңбектің үдемелі сапалы дамуымен байланысты қаралған. Ал бұл үдеріс, өз орайында, ғылыми дамудың шапшаңдауының объективті салдары болып табылады. Мұндай түбегейлі өзгеріс жоғары білім беру жүйелеріндегі бұрынғы сызықтық технологиямен оқытудың (СТО) орнына кредиттік технологиямен оқытуды (КТО) жүзеге асыру арқылы орынды болатыны негізделген. Бұл негіз XX-XXI ғғ. тоғысында туындаған осы объективтік-тарихи қайшылықтарды анықтау мен соларды шешу керектігі Болон үдерісінде мойындалған.

Түйін сөздер: аутогогика, аутодидактика, сызықтық технологиямен оқыту, кредиттік технологиямен оқыту, өмірлік білім беру, өмір бойы білімдену, Болон үдерісі.

1. Тақырып актуальдылығы хақында.

Батыс Еуропалық 29 елдің жоғары білімдендіру ісіне жауапты қызметкерлер 1999 ж. 19 маусымында Болонья университетінде «Еуропа өңірінің жоғары білімдендіруі» атты Біріккен мәлімдемеге қол қойды. Бұл бастама «Болон үдерісі» деп аталады. Қазақстан да осы үдеріске енуге тілек білдіріп, даярлықтарды тиісті дәрежеде жасау нәтижесінде, Орталық Азия елдерінің ішінде бірінші болып, Болон үдерісі мүшелерінің 2010 ж. 11-12 наурыз күндері Будапешт пен Венада өткен 7-ші отырысында Қазақстан осы үдерістің 47-ші мүшесі болып қабылданды [1]. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» «Жоғары білімнің мазмұны мен құрылымын Болон процесінің параметрлеріне сәйкес келтіру арқылы жоғары білімнің еуропалық аймаққа кірігуін қамтамасыз ету» [2], деп көрсетілген. Сондықтан ЖОО келешегін ойлайтын отандық зиялы қауымның осы бір мәселенің маңында ізденістер, зерттеулер жүргізуі және тиімді іс-әрекеттерге араласуы азаматтық парызы болып табылады. Президенттің биылғы 2018 ж. Қазақстан халқына арнаған Жолдауындағы басты 10 міндеттің бірі: «Адами капитал – жаңғыру негізі» және де соған қол жеткізу үшін «*Білім берудің жаңа сапасы*» жаңа деңгейге жетуі керек. Ол үшін «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс» [3], деп көрсетілген. Бұл міндеттер негізінен Қазақстанның Болон үдерісінің мүшесі екендігімен байланысты.

Болон үдерісі мәлімдемесінде жоғары оқу орындары, қоғамның жаңа мыңжылдықта дамуына жауап бере алатындай, зерделік, мәдени, әлеуметтік және ғылыми-технологиялық потенциалына айналуы үшін 6 мақсат белгіленген. Солардың ішінде біздің мақала тематикасына қатысты: 1) «өмір бойы білімдену» ұстанымына сәйкес келетін кредиттік технологиямен оқытуды қалыптастыру; 2) жаңаша білімдендіруді қамтамасыз ететін тиімді оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу [4] деген сияқты мәселелер көрсетілген.

Осылар, біріншіден, жалпы адамзат тарихының жаңа кезеңіндегі объективтік-тарихи даму қажеттіліктерінен туындап отырса, екіншіден, осындай дамудың ішіндегі орнын белсенді түрде анықтау үшін Қазақстан жоғары білімдендірудің жаңа жүйесін жасауға шекбұзарлық бастамалармен енуі керектігі белгіленген. Автордың аутогогика концепциясы мен соның негізінде құрылған аутодидактика әдісі осы бір тарихи қажеттіліктердің мүддесіне барынша сай келеді. Олар көп жылдан дамытылып, оқыту практикасында сыналған. Бұл әдісте «өмір бойы білімдену», трилингвизм,

кумулятивтік талдау ұстанымдарын және т.б. сабақ өткізу іс-шаралары КТО үдерісін жүзеге асыруды қамтамасыз етуге арналған. Осы концептуалдық теорияның қазіргі кездегі адамзаттың объективтік-тарихи қажеттіліктерімен байланыстылығын және оның бұрынғы педагогикалық теориялардан дербестігін, тіпті, жалпы идеясы бойынша, оларға қарсы да қайшы да келетіндігін дәлелдеу философиялық талдауға тән болмақ. Демек, сөзді «философиялық талдау деген не?», деген сұрақтан бастасақ, ой бастауымыз салмақтырақ болмақ. Көпшілікке белгілі «философия –даналықтысүю», дегенанықтама бар. Әрине бұл рас. Десек те, біз «философиялық талдау» дегеннің өзі, біріншіден, «даналық ой» күрделі бір мәселе туралы бұрын ешкімнің ойына келмеген тұрғыдан тұжырым жасау, екіншіден, сол анықталған ойдың күштілігінен жеке ұлт тұрмақ, бүткіл адамзаттың зердегерлері сол мәселеге байланысты жаңа талдаулар жасай бастайды. Нәтижесінде ғылымның жаңа теориясы, түрі, саласы, тіпті дүниетанымның жаңа бағыты, мектебі қалыптасады.

2. Тақырыпты ашу астары.

Мәселені «философиялық талдау» дегенде, әдетте «философия» пәні бойынша қалыптасқан оқулықтардың, анықтамалық құралдардың мазмұны, өте көптеген мәселелерді философиялық талдауға арналған монографиялық жұмыстардың құрылымы, әлемге белгілі философтардың шығармаларындағы өз тақырыптарын ашу үлгілері еске түседі. Ал егер қазіргі Батыс елдерінде «(мынандай) ғылымнан PhD-i (Doctor of Philosophy–Философиядокторы)»дегенғылымидәрежеатауын еске алсақ, онда «философиялық талдау» деген түсінік жалпы ғылыми мәселелердің барлығымен байланысты болып шығады. Осы тұста К. Ясперстің «философия –ойдыңкүші» [5, 155-158] деген анықтамасы еске түседі.

Осы келтірілген мазмұнның кеңдігі мен әртүрлілігіне қарамастан, біз «философиялық» деген ұғыммен байланысты екі түрлі мәселені бөліп көрсетуге болады деп ойлаймыз. Біріншіден, бұған дейін қаралмаған, шешілмеген мәселені қарастыру, шешу мәселесі философиялық болып табылады. Екіншіден, сол бір шешілуі қажет мәселе қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде адамзаттың танып білуіне қажет мәселе болып табылады. Сондықтан, егер белгілі бір жаңа атаумен аталған мәселе бұған дейін шешілген мәселенің ішінде қаралатын болса, яғни қоғамның тарихта бұрын болмаған жағдайымен байланысты болмаса, онда ол атаумен аталатын мәселені философиялық мәселе есебінде арнайы қарастыру өз мағынасына сәйкес болмайды. Соған сәйкес, біз философиялық мәселесін іздестіріп отырған «аутогогика» атауының нағыз философиялық мәселеге айналуы үшін, бір жағынан, ол бұған дейін белгілі болып келген басқа ғылымның ішіндегі шағын бір мәселе есебінде қаралмауы керек. Екінші жағынан, аутогогиканың мән-мағынасын қоғамның осы кезге дейін шешілген мәселесімен байланысты болмауы қажет. Сонда ғана «аутогогиканың философиялық мәселесі» деген тақырып нағыз философиялық мәселе болып табылады.

«Аутогогика» сөзі кездесетін бірнеше жұмысты қарастырайық. Мысалы,Р.В. Пионованың «Жоғары мектеп педагогикасы» атты оқу құралында «аутогогика» термині 3-ақ рет кездеседі:

1) авторкелтіргенпедагогиканың 14 саласыныңбіріесебіндеаталады;

2) аутогогика, андрогогикалық педагогикамен бірге өз теориясы мен методикасын жасауда,

3) адамның өзін тәрбиелеу заңдылықтарын зерттейді [6, 28] деп қана көрсетілген. Бұл жұмыста осы айтылғандардан өзге тиянақты талдаулар жоқ. А.С. Роботова бастаған авторлар тобы «аутогогика (өзінжетелеу)» адамның өзін өзі білімдендіру проблемаларын қарастырады [7, 83], деп қана көрсетеді. «Аутогогика» педагогиканың бір бөлігі есебінде өзін тәрбиелеу мен өзін оқыту заңдылықтары туралы ғылым [8, 13], дейді В.Я. Кикоть және т.б. Алайда олар ондай ғылым нағыз ғылым есебінде неден тұрады, оның өзіне ғана тән қандай заңдылықтары, ұғымдары және т.б. жақтары бар екендігі туралы, осы тақырыпты кімдер зерттеді, сол тақырыпқа байланысты қандай жұмыстар бар екендігі келтірілмейді. Егер «аутогогика» деген сөз арқылы интернеттік қордан табылған басқа файлдардың мазмұны жоғарыда келтірілген анықтамалар мен түсіндірмелердің көшірмелері іспетті [9, 9], [10, 8].

Егер аутогогика мен аутодидактика бұрынғы педагогика мен оның дидактикалық құрылымына енетін болса, онда олардың арнайы философиялық негіздемесін іздеудің қажеті жоқ. Себебі жалпы педагогика мен дидактиканың философиялық мәселелері туралы жазылған еңбектер аутогогика мен аутодидактиканың да философиялық мәселелерін қамтыған деуге болады. Ал егер дәстүрлі педагогика мен дидактиканы, жоғарыда айтылғандай, қоғамның қайталанбайтын сапалық өзгерістермен байланысты қарайтын болсақ, және де белгілі бір жақтарынан алғанда, солардың адамзаттың заманауи талаптарына жауап бере алмағандығынан Болон үдерісінің туындағандығын

еске алсақ, онда, біздің түсінігімізде, қазіргі кездегі жоғары оқу орындарындағы білімдендіру үдерісіне соны, тың тұрғыдан жақындау керек. Ол үшін дәстүрлі педагогиканың сондай талаптарға жауап бере алмайтындығын оның өзінің ішінен емес, қоғамдық талаптар мен жаңа құбылыстар тарапынан қарау қажет.

3. Дәстүрлі педагогика мен XXI ғ. қоғамның білімдендіру саласына қоятын талаптары. XX-XXI ғасырлар тоғысында адамзат тарихында бұрын болмаған терең сапалық өзгерістер екпіндей жүзеге асуда. Солардың ең басты қозғаушы күші – ғылым, техника және технологиялық жаңалықтардың қарқынды дамуы.

Алолардыңосындайқарқыналуыныңсебебіғылымибілім көлемінің күрт өсуінде. Осыдан 30-40 жыл бұрын ғылыми білімнің көлемі 5-10 жылда екі еседен артса, қазіргі кезде ол 2 жылда екі есе көбеюде. Сонымен бірге, егер бұрын ғылыми білім техника мен технологияға енгенше ұзақ уақыт өтетін болса, онда соңғы кезеңдерде бұл үдеріс тездей түсуде. Осындай өзгерістердің нәтижесінде адамдардың тұтыну тауарлары, тұрмыстық мүлік түрлері мен демалыс жағдайларын қолайлы ету, қарым-қатынастар мен байланыстарды тездету құралдары үздіксіз түрлену, жетілу, тіпті қызықтыра түсуде. Жаңа нәрселерге қызығудың өзі қызыққа айналды. Қазіргі кезде қызықтаушылықтан туындаған қажеттілік қоғам және адам болмысын анықтаушы факторға айналды. Осы фактор ғылыми зерттеулер мен жаңа ғылыми білімдердің бағыттарының, солардың негізінде жаңа өндірістік құралдарды сапалық жетілдірудің қозғаушы күші болып табылады.

Келтірілген адамзаттың заманауи болмысы «ғылым білім–техника–өндіріс–өнім–тұтыну»деген жүйенің реттілігін кері бағытта қозғалысқа келтірді. Осы жағдай өзіне тән екі қоғамдық тарихи мәселелер туындатты.

Біріншісі – бұрынғы ғасырларда ғылыми жаңалықтар, бұқарахалық тұрмақ, ғалымдардың өздері үшін де көп жағдайда ұзақ ізденістер нәтижесінде, кейде кездейсоқ сәттерде ашылатын еді.

Бірте-бірте ғылыми зерттеулердің жетілуімен ғылыми білімдердің жүйелі түрде жинақталуы арнайы күтілген нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндіктер берді. Сол жаңалықтардың нәтижелері қолданымдық техникалық құралдар мен технологиялық мүмкіндіктер түрінде практикалық қажеттіліктерді қанағаттандыруда жиі пайдаланыла бастады. Солардан келген айқын пайдалар ғылыми зерттеулерді қоғам тарапынан ресми, демеушілік, тапсырыстық жолдармен қаржылық қолдауларды тұрақты түрде көбейте түсу қажеттігінің даусыз негіздемесін құрды. Осылардың бәрі қоғамдық еңбекті ұйымдастыру мен өндіруші күшіне айналды.

Осылардың нәтижесінде қоғамдық өмірдің барлық саласының: өндірістік, тұрмыстық, тынығулық (туризм, саяхат, санаторий және т.с.с.), білімдену, емделу сияқты салардың барлығының күрделі техникалардың көмегі арқылы атқаруды қалыптастырды. Мысалы, адамдар мен қажетті нәрселерді тасымалдау, адамдарды кез-келген қашықтықтан және жылдам байланыстыру, мұқтаж нәрселерге дер кезінде көмектесу сияқты істердің негіздері мен түрлері жаңа құралдармен, техникалармен және технологиялармен үздіксіз жетілдірілуде. Егер бұрын өмір тіршілігі отбасы мүшелері немесе шағын тұрғындар қауымдастығы арқылы атқарылып келген болса, онда ендігі жерде ондай нәрселер барлық қоғамдық құрылымның тікелей немесе көмекші құрылымдары арқылы атқарылады. Осылардың барлығы қоғамда бұрын болмаған қатынастар мен әлеуметтік байланыстарды туындатуда. Әлем бойынша деректер тарату мен пайдалану және қоғамдық-экономикалық қатынастарды IT-технологиялар арқылы жүзеге асыру сияқты мүмкіндіктер кеңінен қолданысқа енуде. Мысалы, қауіпсіздік, денсаулық сақтау қызметтерінен бастап, үйдегі бұзылған нәрселерді жөндейтін, үйді тазартатын, тапсырыс арқылы тамақ әзірлеп әкелетін, жануарларға көмек көрсететін сияқты өте көптеген қызметтердің барлығы арнайы маманданған кәсіпкерлер арқылы атқарылады. Солардың пайдаланатын құралдары күрделенді. Ал күрделі өндіріс орындарының, жеңіл өнеркәсіптің, мемлекеттік қорғаныс, байланыс, білімдендіру, қаржыландыру сияқты басқару органдары мен т.б. атқару мекемелерінің, кез-келген жеке, тіпті халықаралық кәсіп орындарының жұмыстарын ендігі жерде арнайы маманданған жұмысшылар мен қызметкерлер ғана атқара алады. Осылардың барлығы қазіргі адамзаттың тіршілік болмысын құрайды.

Сонымен адамзаттың тарихи дамуындағы қазіргі қоғамдық болмыс, – қоғамның ғылымданған болмысы, – адамның қызықтауларынан туындаған қажеттіліктерге сәйкес ғылыми-техникалық, технологиялық потенциалдарды дамыту және солар арқылы қанағаттандыру болмысына айналды.

Осы айтылған келесі «Адамзат тарихының білімдендіру кезеңдері» деп аталған сурет түрінде көрсетуге болады.

1 -сурет. Адамзат тарихының білімдендіру кезеңдері



Адамзат тарихын суретте келтірілгендей жіктеу, жалпы алғанда, XX ғ. орта кезінен белгілі экономика ғылымы теоретигі У. Ростоудың «Экономикалық даму кезеңдері теориясы» бойынша қоғам дамуын алты [дәстүрлі қоғам –өтпелі қоғам–“ұшу”кезеңі–“кемелденген” кезең – «жоғары тобырлық тұтыну дәуірі – өмір сапасын іздеу (немесе «деректік қоғам») кезеңге бөліп көрсетуімен [11, 25-48] сәйкес келеді. Әрине біз бұл жерде Ростоу теориясының ішкі мазмұнына, оның дұрыстығы мен жетімсіз жақтарына бұл жерде тоқталмаймыз. Олар ғылыми әдебиеттерде көрсетілген. Біз үшін оның жалпы қоғам тарихын кезеңдерге бөлу идеясы дұрыс екендігі жеткілікті. Яғни біздің қоғам тарихын суретте көрсеткендей етіп бөлудің негізі дұрыс.

Біздің жіктеуіміздің Ростоу теориясынан басты екі айырмашылығы бар. Біріншіден, біз барлық кезеңдерді білімдендіру мәселесі тұрғысынан қарастырамыз. Білімдендірудің қоғамдық өндіріспен байланысты жағы жоғары кәсіби білімдендіру жағынан қаралады. Екіншіден, жоғары білімдендіру ғылымның дамуының көзі болып, ол, өз орайында, өндіргіш күштерді және информатикалық жүйені жетілдіріп, қоғамдық еңбекті өзгерткені соншалықты, ендігі жерде білімдендіру үдерісінің қоғамдық қатынастардағы орны терең сапалық өзгерістерге ұшырады. Білімдендіру үдерісі тіл, еңбек, білім, ғылым, кәсіп, IT-технология және т.б. мәселелермен аралас жүзеге асады. Сондықтан осылай қаралатын мәселелерді жеке бір ғылым немесе ғылымдар тобы тұрғыларынан да қарастырып шығу аса күрделі. Сондықтан мұндай жан-жақты мәселелерді бір тематикалық жүйеге архитектоникасына енгізу тұрғысында қарастыруды философиялық деңгейде ғана ойластыруға болады. Мұндай жалпы адамзаттық және жалпы тарихтық жағдаяттардың ортақ негізін іздеуді философиялық мәселе есебінде қарауға сәйкес.

Екіншісі –әрбір жас ұрпақ өз кезіндегі қоғамдық болмыстың табиғи көрінісі және жалғасы. Ол, бір жағынан, өзіне дейінгі бар нәрсені игеру арқылы тіршілік ететін болса, екінші жағынан, сол өміртіршілігі барысында шығармашылық белсенділігімен өмірге жаңалықтар әкеледі. Біз анықтаған қазіргі қоғамдық болмыс бүгінгі және келешек жастардың өмір сүру ортасы және қоғамның белсенді қозғаушы күші есебінде қалыптасуының объективтік жағдаяты. Егер адамның мәні –қоғамдық қатынастардың ансамблі (К. Маркс) деп анықталып келген болса, алқазіргі қоғамдық қатынастар ғылымданған болмыс болса, онда, біз: қазіргі адамның мәні – қоғамның ғылымданған қатынастарының ансамблі деп анықтамақпыз.

Қазіргі адам өз мәніне ие болуы үшін ғылымданған қоғамдық-әлеуметтік ортаның табиғатына, жүйесіне, қозғалысына, мүмкіндіктеріне, талаптарына, дамуына сәйкес болып қалыптасуы керек. Ендігі ұрпақ осындай мәніне ие болуы үшін әрқашанда өздігінше де білімденуі қажет. Болон үдерісінің басты бір мақсаты осында.

Осы тұрғыдан алғанда дәстүрлі педагогиканың өзінің аты «адамның өзін өзі жетелеуі емес, оны әрқашанда педагогтың жетелеуі керек». Ал «аутогогика» термині «адамның педагогсіз, өзін-өзі жетелеуі», «адамның өзіне-өзі педагог болуы» дегенді білдіреді. Олай болса, «педагогика» және «аутогогика» бір-біріне ене алмайтын, әрқайсысы өздігінше мәселелер болып табылады.

Осы айтылғандардың тұрғысынан қарайтын болсақ, онда жоғарыда келтірілген авторлардың «аутогогиканы» дәстүрлі педагогиканың құрамында қарастырулары орынсыз. Ал осыларды бір бірінен ажырату қажет екендігін, педагогикадан тыс, қоғамдық қажеттіліктер тұрғысынан көрсетуіміз, аутогогиканың философиялық тұрғыдан қараудың, талдаудың бір негіздемесі болып табылады.

Біздің мақаланың мақсаты «аутогогика» терминінің авторлық түсінігі, оны дәстүрлі педагогиканың бөлігі де, саласы да емес, адамзаттың келешегіне жауап беретін білімдендіру үдерісінің тарихи жаңа бағытын көрсететін дербес ғылыми сала болуы керектігінің философиялық тәржімасын көрсету еді. Ал мұндай ғылымның ішкі құрылымы қандай болуы керектігі өз алдына үлкен монографиялық зерттеуді қажет ететін мәселе.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Присоединение Казахстана к Болонскому процессу. http://www.edu.gov.kz/ru/dejatelnost/bolonskii_process/prisoedinenie_k_bolonskomu_processu/
2 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы // «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы.
3 «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері». Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан. 2018. 10 қаңтар.
4 Зона Европейского Высшего образования. Совместное заявление европейских министров образования. г. Болонья, 19 июня 1999 г.
5 http://www.edu.gov.kz/ru/dejatelnost/bolonskii_process/zona_europ_obraz/
6 Ясперс К., Хайдеггер М. Фауст и Заратустра. Пер. с нем. СПб.: Азбука, 2001.
7 Пионова Р.С. Педагогика высшей школы: Уч. пособие. Мн.: Университетское, 2002.
8 Введение в педагогическую деятельность: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / А. С. Роботова, Т. В. Леонтьева, И. Г. Шапошникова и др.; Под ред. А. С. Роботовой. М.: Издательскийцентр«Академия», 2002.
9 Кикоть В.Я, Столяренко А.М. и др. Юридическая педагогика.
10 Предмет, основные категории и задачи педагогики. https://studopedia.su/15_51098_predmet-osnovnie-kategorii-i-zadachi-pedagogiki.html
11 Педагогическая мысль в России. https://yandex.kz/yandsearch?clid=2186621&text
12 Rostow W.W. The Take-Off Into Self-Sustained Growth. The Economic Journal, Vol. 66, No. 261 (Mar., 1956).

ФИЛОСОФСКИЕ ПРОБЛЕМЫ КОНЦЕПЦИИ АУТОГОГИЧЕСКОЙ ДИДАКТИКИ

***С.И. Оспанов*[1]**

[1]д. филос. н., доцент,

Казахский государственный женский педагогический университет,

Казахстан, Алматы, e-mail: Sapar49@mail.ru

В статье анализируются философские проблемы обоснования концептуальной теории «аутогогика». С этой позиции показана актуальность применения новой «аутодидактической» методики в системе высшего образования. Актуальность авторской теории и дидактики рассмотрена в связи с интенсификацией качественного развития общественного труда. А этот процесс, в свою очередь, является объективным следствием ускоренного развития науки. Обосновывается уместность смены прежней линейной технологии обучения (ЛТО) кредитной технологией обучения (КТО) в условиях коренных изменений системы высшего образования. Эта основа признана в Болонском процессе как следствие необходимости определения и решения объективно-исторических противоречий, порожденных на стыке XX-XXI вв.

Ключевые слова: аутогогика, аутодидактика, линейная технология обучения, кредитная технология обучения, образование на всю жизнь, образование всю жизнь, Болонский процесс.

PHILOSOPHICAL PROBLEMS OF AUTOGOGICAL DIDACTICS

***S.I. Ospanov*[1]**
[1]Dr. Sci. (Philosophy), Associate Professor,
Kazakh State Women's Teacher Training University,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: Sapar49@mail.ru

In the article the philosophical problems of the substantiation of the conceptual theory of "autogogy" are analyzed. From this position, the relevance of the application of the new "autodidactical" methodology in the higher education system is shown. The relevance of the author's theory and didactics was considered in connection with the intensification of the qualitative development of social labor. And this process, in turn, is an objective consequence of the accelerated development of science. The relevance of the replacement of the former linear technology of training (LTT) with the credit technology of training (CTT) under the conditions of fundamental changes in the system of higher education is substantiated. This foundation is recognized in the Bologna process as a consequence of the need to identify and address the objective historical contradictions generated at the turn of the twentieth and twenty-first centuries.

Key words*:* autogogy, autodidactics, linear technology of training, credit technology of education, education for life, education for the whole life, Bologna process.